



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > Татарстанда РФ-дағы ең ірі технопарк ашылды

[AiF.ru, 19.07.2017](#) [1]



Альметьевск татар қаласында «Кванториум» технопаркі ашылды.

*Анықтама үшін: Кванториум - жоғары технологиялық құралдармен жабдықталған, жаңа жоғары білікті инженерлік кадрларды даярлауға, инновациялық технологияларды және бастамаларды әзірлеуге, тестілеуге және енгізуге бағытталған алаңдар. Бүгінгі таңда Ресейде 23 «Кванториум» технопаркі ашылды.*

Жаңа технопарк Татарстанда ашылған үшінші технопарк болды және төрт мың шаршы метрлік ауқыммен Ресейде ең ірі технопарк болып табылады. Құрылыстың бір бөлігі федералдық бюджеттен қаржыландырылды - қаражаттың басым бөлігін Татарстанның жекеменшік инвесторлары және билігі өтеді.

Кванториумға келушілер «Наноквантум» (нанотехнологиялар), «Нейроквантум» (нейрохирургия), «Робоквантум», «IT-квантум» (жасанды зият) және «Өндірістік дизайн» (3D баспа) сияқты бағыттарды зерттей алады. Технопарк 400 баланы оқытуға есептелген. Оқытушылардың ішінде А.Н. Туполева-КАИ атындағы

Қазань ұлттық зерттеу техникалық университетінің және Альметьев мұнай институтының ғылыми қызметкерлері бар. Кванториумның базасында әртүрлі шығармашылық үйірмелердің және секциялардың жұмысы қарастырылған.

---

#### **Links**

[1] [http://www.aif.ru/society/education/v\\_tatarstane\\_otkrylsya\\_krupneyshiy\\_v\\_rossii\\_detskiy\\_tehnopark](http://www.aif.ru/society/education/v_tatarstane_otkrylsya_krupneyshiy_v_rossii_detskiy_tehnopark)